

егемен

Азатстан

КЕЛЕШЕККЕ КЕҢ ЖОЛ АШҚАН



Елбасының биылғы Жолдауы тәуелсіздігіміздің 25 жылында жинаған тәжірибелеріміз бен жетістіктеріміздің нәтижесін саралап, қазіргі әлемдік саяси-экономикалық үдеріспен үйлестіріп, үндестіретін кешенді бағдарламаларды қамтыған, халқымызға жігер беріп, қоғамымыздың әрбір мүшесін қуатты күшке айналдыра алатындай бағалы құжат болды. «Әлемді түгел көрсе де, аспанда жұлдыз аралап, ай нұрын ұстап мінсе де, қызыққа тоймас адамзат», деп абыз Бұқар жырау айтқандай, жаһанда Төртінші өнеркәсіптік таңғажайып революция қарқынды басталды. Қазір ақпараттық технологияның арқасында жұмыр Жер біртұтас ағзаға айналды. Әлемдік қоғамдастықта мөлдір шекара ұғымы қалыптаса бастағаны белгілі. Бұл құбылыс қаржы айналымы, бизнес, жол-көлік, руханият салаларында да ашық байқалып отыр. Енді ешкім де томаға-тұйық, жеке-дара өмір сүруі мүмкін емес. Жолдауда өркениетті әлемді қамтыған түбірлі өзгерістерден өз үлесімізді, сыйлы сыбағамызды бәсекеге қабілетті болған жағдайда ғана ала алатынымызға ерекше назар аударылған.

Осы мақсатта Елбасы мемлекетіміздің билік тармақтарын, қоғамымыздың әрбір буынын түгел қозғаушы күшке айналдыратындай әлеуетті әдіс-тәсілдер жүйесін ұсынған. Жолдауда әлеуметтік-экономикалық өміріміздің қамтылмай қалыс қалған бірде-бір саласы жоқ, сонымен бірге, әр қадамымызға нақтылы тапсырмалар, тегеурінді қолдаулар, құнды ұсыныстар білдірілген. Айталық, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту арқылы ауыл еңбеккерлерін демеу, жаппай кәсіпкерлік бағдарламасын жасау, отбасылық кәсіпкерлікті қолдау секілді тамырлы салаларға Жолдаудың нақтылы тармақтары арналып, қиын түйіндерді шешудің бірегей де бірізді жоспары жасалған. Ең қуантарлығы, бұл құжат қазақ қоғамының әрбір мүшесін бейжай жүрмей, ендігіде белсенді әрекетке, тегеурінді шаруақорлыққа бастайтын жолдарды көрсетіп, оны қамтамасыз ететін заңнамалық негіз жасауға үндеген. «Нұрлы жер» бағдарламасының да берешегі мол екені айқын. Мұнда айтылған түрлі

бастамалар ауыл еңбеккерлерін жоғарыға қол жайған кейпінде емес, нағыз экоөнім өндіретін ауқатты қожайын, майталман кәсіпкер ретінде көрінетін күннің алыс емес екенін байқатады.

Ана тіліміз әркім әр жаққа тартатын даудың тұтқасы емес, бүгіндері БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып отырған әлеуетті еліміздің рухани тұтастығының алтын арқауы екені Жолдауда байыпталады. «Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді» деп тұжырымдалған құжатта. Білім беру жүйесін сапалық жаңа деңгейге, әлемдік межеге көшіру қажет екенін сараптаған Елбасы «ІТ-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек», деп оқу орындарында жаңа технологиялармен бірге, ұлттық құндылықтар жүйесін жас буынның санасына сіңіру парасатты қадам екендігін түсіндіре кетеді. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту қажеттігін атап өткен Елбасы әлемдік өркениетке ағылшын тілі арқылы төте шығуды меңзеп, басқаның тіліне, ақпаратына бағынышты болмай, тәуелсіз елдің түлектері жаңаша таңдау жасау керектігін, еркін көзқараста тәрбиелену қажеттігін пайымдайды. Көптен бері айтылып жүрген біздің оқу жүйесіндегі бір сыңаржақтық жастар арасында заңгер, экономист, кеден ісі, қаржы мамандықтарының дипломын алған бітірушілер шамадан мол болғандықтан, жұмыссыздық қатарын жылдан-жылға көбейтіп келеді. Расында, жоғары оқу орнын бітіргенімен, жұмыссыз жүргендердің қарасы мол-ақ. Ал қоғамға, керісінше, кәсіптік білім иелері – шебер жұмысшылар, даяшылық қызметін жасаушылар жетіспей жатады және бұлардың табысы да әжептәуір емес пе?! Жаппай кәсіпкерлікті қолдау тетіктерін одан әрі жетілдіру туралы шегелеп айтқан Елбасы «Менің бастамам бойынша биыл «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы іске асырыла бастады. Тегін оқытумен ең әуелі жұмыссыз және өзін өзі тиімсіз жұмыспен қамтыған жастар, сондай-ақ, кәсіптік білімі жоқ ересек адамдар қамтылуы тиіс» деп қоғамымызды ширақ қозғалысқа енгізіп, жұртымызды іскер, шаруақор, өндіруші елге айналдыратын алғышартты нұсқайды. Әлемдік қоғамдастықтан лайықты орын алып, дамыған 30 елдің арасынан көрінуге оңтайлы жол ашқан бұл Жолдау Отанымыздың өсіп-өркендеуіне, халқымыздың бақуатты тіршілік кешіп, Білге, Тоныкөк, Асанқайғы атамыз армандаған Мәңгілік Еліміздің мәртебесі асқақ болуына алтын баспалдақ болары анық.

Несіпбек АЙТҰЛЫ, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Толығырақ: <https://egemen.kz/article/keleshekke-ken-zhol-ashkan>